

Аралбай Т.А.
Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейі, Қарағанды қ.
Терликбаева А.Д.
№4 арнайы мектеп-интернаты, Қарағанды қ.

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БЕЛСЕНДІ ОҚУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аннотация. Мақалада бастауыш сыныпта белсенді оқу арқылы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қарастырылған.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, қалыптастыру, белсенді оқу.

Білім саласындағы инновациялық өзгерістер оқудың/оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді, бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан мынандай құзыреттіліктерді талап етеді.

- Ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін тандап, оны пайдалану;
- Проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- Өзіндік пікір, идеялар, тұжырым келтіріп, оларға дәлел келтіріп, қорғай білу;
- Ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу;
- Өмірге деген көзқарасын, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мақсаты негізге алынып отыр. Адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алуы, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылыққа бейімделу, оның қалыптаса бастауы бастауыш мектептен бастау алады. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Белсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Оқушының ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын дамытады. Бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндердің мазмұны арқылы оқушылардың бойында мынадай функционалдық сауаттылықтар: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық қалыптасады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз оқушылардың жазбаша мәтіндерді түсіну және олар бойынша рефлексия жасай алуы. Өз мақсаттарына жету үшін мәтіннің мазмұнын пайдалану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білім мен мүмкіндіктерді дамыту қабілеті. Оқу сауаттығын бағалауда білім алушының оқу техникасы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну деңгейі ғана емес, мәтінді түсіну және ол бойынша рефлексия жасау, оқығанын өмірлік мақсаттарды жүзеге асыру үшін пайдалану дағдысы бағаланады.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – адамның өзі өмір сүретін әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, жақсы негізделген математикалық пайымдау және математиканы қазіргі және болашақтағы шығармашыл, мүдделі және ойлануға қабілетті азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдалану қабілеті.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық дегеніміз – байқау мен эксперименттерге негізделген тұжырымдар алу үшін ғылыми әдістер арқылы зерттеп, шешуге болатын проблемаларды нақты жағдайларда қолдану үшін жаратылыстану-ғылыми саладағы білімді қолдану қабілеті. Бұл тұжырымдар қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекеті салдарынан туындайтын өзгерістерді түсіну және тиісті шешімдер қабылдау үшін қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуды қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдердің бірі – белсенді оқу. Өз іс-тәжірибемде қандай әдіс-тәсілдердің әсері басымдылық танытып, нәтиже көрсеткені туралы іс-әрекеттегі зерттеулеріммен бөліскім келеді. Олар бірлескен топтық оқу, зерттеуге негізделген оқыту әдістері және өзара оқыту әдістері.

«*Көңілді керік*» сәлемдесу әдіс-тәсілі, яғни бұл әдіс маған не берді? (оқушылардың мұғаліммен қарым-қатынас барысында диалог, еркіндік, қысымнан арылу, өзіндік мәдени ықпал, мұғалімге бір табан жақын болу) бұл әдіс барлық ұжыммен жүргізіледі. Еркін қарым-қатынас оқушының алға қарай ілгерлеуіне өз әсерін тигізеді.

«*Әріптер коллажы*» тәсілі. Өр мұғалімнің оқытуда өзіндік проблемасы болатыны анық. Менің сыныбымдағы проблема оқушылардың сөздік қорының аздығы, орыс тілінде сөйлейтін балалардың басымдығы, тыңдалым-айтылым дағдысының төмендігі. Осы проблеманың шешу жолындағы жеткен жетістіктеріме тоқталамын. Оқушылар мен ата-аналарға әр әріпке байланысты оқулықта жоқ сөздерді суреттерімен жинақтап, коллаж құрастыру тапсырылды. Бұл белсенді оқыту әдісінде неге қол жеткіздік? Қандай дағдыларды қалыптастыра алдым?

- ✓ Оқушылардың зерттеу, зерделеу дағдыларын дамыту;
- ✓ Саусақтың ұсақ моторикасын дамыту (себебі оқушылар сол әріпке байланысты суреттерді салуына болады немесе қосымша көздерден тауып, қиып алып жапсыруына да болады);
- ✓ Бала мен ата-ананың бірлескен жұмысы (әңгімелесу, бірге іздену, балаға қолдау көрсету, ата-ана тарапынан баланың дамуын бақылау т.с.с.);
- ✓ Өзара оқыту (Сыныптастарымен қарым-қатынас жасау);
- ✓ Өз пікірін дәлелдеу, басқаның пікірін тыңдау;
- ✓ Сұрақ қоя білу, анықтауды үйрену;
- ✓ «Маршрут» ойынымен білімдерін тиянақтайды, яғни оқушы өз білімін ойын барысында қолдана алады.

Белсенді оқу әдістері арқылы бір оқушының басқа оқушыны оқытуы, сыныптастардың бір-бірін өзара оқытуы жүзеге асады. Кейде бұл әдістемені тағы: сыныптастарының делдал ретінде араласуы арқылы оқыту, құрдастарының көмегімен оқыту, сыныптағы өзара оқыту, достарына қолдау көрсету, жұппен оқу және өзара қолдау стратегиялары деп атайды. Өзара оқыту жаңа материалды бастапқы меңгеру құралы ретінде емес, дағды-біліктерді дамыту, пәнді еркін меңгеру үшін өтілген материалды қайталау және бекіту үшін қолданған аса тиімді. Алайда оқу – белсенді әрі әлеуметтік әрекет. Білім алушы ақпарат иемдену үшін ғана оқымай, берілген мағлұматтарды түсініп, талдап, олардың негізінде жаңа ой, идея құрастырып, оларды бағалауы қажет. Ол өз ұстанымдарымен әр уақытта басқалармен бөлісуге мүдделі, өйткені білім игеру бірлескен әрекеттерден толығырақ түседі. Осындай жұмыстардың біріне тоқталайын. 2 сыныпта математика сабағында «Рим цифрларын» үйретуде оқушыларға мынадай тапсырманы зерделең, орындап келу тапсырылды. Жолжиекке өзінің және отбасының мүшелерінің туған күнін арабша, ал ай атауларын рим цифрларын пайдаланып жазып келу тапсырылды. (жазу барысында түрлі-түсті қарындаштарды пайдалану) Неге жолжиекке және түрлі түсті қарындашпен деген сұрақ туындауы мүмкін?

- ✓ Бірден көзге түседі;
- ✓ Жадыда тез сақталады, себебі жұмыс жолында емес;
- ✓ Отбасы мүшелерінің туған күндерін зерттеп, тақырыпты күнделікті өмірмен байланыстырады;
- ✓ Өз жұбына тапсырма құрап әкеледі;
- ✓ Өзін-өзі және бір-бірін бағалайды;

«*Неге? Неге? Неге?*» әдіс-тәсілі

Оқуды дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушыларға өз білімін басқа адамдарға сөзбен жеткізуге көмектеседі;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді; оқушыларға сын тұрғысынан ойлауға көмектеседі;
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- әңгіме және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- оқытуды қиындатып, кедергі келтіретін қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

«5 дәлел» әдісі білім алушының білімін және ақыл-ойын белсендіруге көмегін тигізетін тиімді тәсілдің бірі. Білім алушы берілген мәтіннің негізгі ойын табады және өз ойын 5 түрлі дәлелмен түйіндейді. Бұл әдісті жазбаша және ауызша түрде қолдануға болады. Сондықтан ауызша және жазбаша сөйлеу тілі дамиды. Шығармашылық қабілеті артады.

«Оқу үшбұрышы» әдісі тұтас мәтінмен жұмыс жасауда ең тиімді де, қызықты тәсілдердің бірі. Үшбұрыш арқылы білім алушылар мәтінді бөліктерге (басы, негізгі бөлім, соны) бөлуді, бөліктерге ат қоюды, тірек сөздермен жұмыс жасауды өте жақсы меңгереді. Білім алушының оқу сауаттылық дағдысы қалыптасады. Оқу үшбұрышын жұпта да, топта да және жеке жұмыс ретінде орындауға болады. Білім алушылар бұл тапсырманы қызыға орындайды.

«Жол шетіне белгі қоя отырып оқу» әдісінде білім алушылар жұптаса отырып, мәтінді түсініп оқиды. Өздерінің көңіл-күйлерін көрсетеді. Бір-бірімен пікірлесіп, қолдау білдіреді. Өз идеясын дәлелдеуге тырысады. Оқу сауаттылығы дағдысы қалыптасады, мәтіндегі оқиғаларға өз эмоцияларын білдіреді.

«Стоп кадр» әдісі де оқу сауаттылығын қалыптастыруды көздейді. Білім алушылар шеңбер құра орналасады. Берілген мәтінді бір оқушы бастап оқиды, қалған оқушылар көз жүгірте тізбектей оқып тұрады. Кез келген жерден оқып тұрған оқушыны шапалақ соғу арқылы стоп кадр жасап тоқтатады. Оқып тұрған оқушы тыңдаушыларға оқыған бөлігінен сұрақ қояды.

Сонымен бірге бастауыш сыныпта ойын арқылы оқыту әдістері де ерекше орын алады. «Ойын-үйренудің ең тиімді әдісі». Ең қызықты ойын – бірнеше баланың бірлесіп ойнағаны: баланың жалғыз ойнағаны қызық емес, командада ойнағаны қызық. Демократиялық қатынастарды ұстанады: ойында біреу басқаға үстемдік жүргізбейді, әркімнің құқығы тең, барлық қатысушылар бірдей дәрежеде. Бұдан басқа ойында қатысушыларды біріктіретін идея бар: ол осы ойынның қызықты өтуіне барлығының мүдделілігі.

- Балаға ұнайтын іс-әрекет;
- Кемсіту мен келемеждеу, жазалау жоқ;
- Ойын көңіл-күйді басқа қалыпқа түсіреді;
- Бірлескен әрекеттер;
- Ойын тәртіп қалыптастырады;
- Ойын үйлесімділікті тудырады;
- Қызығушылықты қалыптастырады;
- Ойын ұжым құрып, оны біріктіру мүмкіндігін береді;
- Ойын белгісіздіктен тұрады, ал бұл адамды қызықтырады.

Ойын қағидалары мен ережелерін сабаққа ауыстырамыз. Қандай нәтижелерді көреміз?

«Көк диван» ойыны арқылы оқушылар қарым-қатынасты қалыптастыра отырып, математикалық білімдерін жетілдіреді, ауызша есептеу дағдыларын машықтандырады. Бұл ойын әдісі арқылы оқушылар өзара қарым-қатынасқа түседі, ортаға бейімделеді. Сыныптастар арасында бір-бірін түзей отырып оқытады, бір-бірін бағалайды. Мұғалім тек бақылаушы рөлін атқарады. Осы ойын әдісін қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыра отырып, ойларын, пікірлерін толық жеткізе алуы, оқуға қызығушылықтың оянуын байқадым. Қабілеті төмен оқушылардың да қызығушылықтарының ояна бастағанын аңғардым. «Оқушы-оқушы» қарым-қатынасқа түскенде ойын арқылы өзара оқыту тәсілі жүзеге асатынын айтуға болады.

Математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатында «Зерек» жобасының элементтерін де өз сабақтарымда қолдануды бастадым. Мұнда оқушылардың ауызша есептеу шапшандығын жетілдіру барысында, оқушыларды сынып бөлмесіне кіргізерде ауызша есептеу жүргізуге болады. Ол толық ондықтармен қосу, азайту, екі таңбалы сандарды ауызша қосу азайту немесе көбейту, бөлу кестесі т.с.с. болуы мүмкін. Оқушылар бірінің артынан бірі тізбектеле тұрады, сұрақ бірінші оқушыға қойылады. Оқушы дұрыс жауап берсе, сынып бөлмесіне еш қиындықсыз кіріп кетеді, ал жауап бере алмаса, тізбектің соңына тұрып, екінші рет жауап беру кезегін алады. Оқушылардың алған білімдерін кез келген жерде қолдана алу машығын жетілдіретін ойын элементі.

Қорыта келгенде, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызықты ұйымдастырып, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға ішкі уәжін оятуға байланысты. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуда көптеген жұмыстар жүргізілуде. Белсенді оқыта отырып, оқушылардың оқу сауаттылығын, математикалық сауаттылықтарын ілгерілету, мұғалімнің шеберлігіне байланысты болатыны анық. Сондықтан қазіргі заман педагогі үнемі ізденісте, өзінің жұмысына рефлексия жасап, алдағы жұмыстарын жоспарлай алуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. – Астана, 2014.
2. Рудик Г.А. Ой еңбегі мәдениеті немесе оқудың 101 техникасы. - Қостанай, 2010.
3. Тренингтік ойындар мен жаттығулар әдістемелік құрал. – Алматы, 2014.
4. «Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы: тыңдаушыға арналған нұсқаулық. ПШО, НЗМ ДББҰ, 2022ж.

Аринова Е.Т., Зиновьева Л.Д.
КГУ «Гимназия имени Шакарима» г.Караганда

ЦИФРОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ И РАЗВИТИЕ SOFTSKILLS У УЧИТЕЛЕЙ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы совершенствования профессиональных и личностных навыков учителей как один из ключевых факторов развития функциональных навыков школьников. Приводится анализ различных способов повышения квалификации на примере педагогов конкретной организации образования.

Ключевые слова: образовательная политика, профессиональное развитие педагогов, ключевые компетенции, навыки.

Глобализация, развитие технологий и технических средств, сложные социальные отношения - это реалии современного мира. Чтобы стать успешным гражданином в этом быстро меняющемся мире какими навыками должен обладать сегодняшний ученик? Какие стратегии, программы, условия нужны для развития компетентностей 21 века? Это главные вопросы образовательной политики. И поэтому ключевой фигурой, для успешной реализации такой политики в образовании, становится учитель [1, с.15].

Школьное образование становится лишь ступенью в жизни человека и должно научить учиться и адаптироваться к новым обстоятельствам.

В современной педагогике выделяют такие тенденции среднего образования:

- разработка программ подготовки учащихся к работе, образованию, жизни по окончании школы,
- формирование профессиональных и «общих» навыков, умений применять знания,
- получение навыков самостоятельной работы с цифровыми ресурсами,
- обеспечение цифровой грамотности,
- использование технологии смешанного обучения, рассмотрение возможностей автоматизированного обучения,
- внимание развитию и поддержанию навыков общения и сотрудничества [2, с.9].

Именно поэтому в программы курсов повышения квалификации учителей постоянно вносятся изменения, ведь профессиональное развитие педагогов должно происходить в соответствии с навыками 21 века.

Основное направление перемен понятно - это переход к более сложным задачам, вбирающим в себя не только «предметное» знание, но и способность применять его в реальных ситуациях, универсальные компетентности и личностные качества [3, с.6].

И сейчас, и в будущем, учитель не только должен давать готовые знания, но и научить ученика добывать их самостоятельно и грамотно использовать. Другими словами, задача современного учителя- научить детей учиться. Ключевыми компетенциями, которыми должен обладать учитель будущего, с одной стороны, являются ИКТ-компетенции. Педагог должен демонстрировать знания современных технологических тенденций, навыки работы с электронными образовательными ресурсами, современными гаджетами и приложениями.

В нашей гимназии мы проводили анонимное анкетирование, где учителям предлагалось ответить на ряд вопросов по владению навыками цифровой грамотности и умению их применения в своей педагогической практике. В таблице представлены ответы на некоторые из вопросов (Таблица 1).